

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Аурухана) резидентінің ар-намыс кодексі

1. Аурухананың резиденті Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Аурухана жарғысын, Ішкі тәртіп қағидаларын және Аурухана директорының басқа да бұйрықтарын, осы Кодекстің ережелерін сақтайды.
2. Аурухананың резиденті жалпыадамзаттық моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, ұлтаралық араздықты, діни экстремизмді, ұлтшылдықты, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, тәртіпсіздікті, жауапсыздықты танытудың қарсыласы.
3. Аурухананың резиденті жынысына, жасына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, нанымына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, біліміне, еңбек өтіліне қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді.
4. Аурухананың резиденті пациентке қатысты ақпараттың құпиялылық қағидастарын сақтайды.
3. Аурухананың резиденті елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпаратты таратуға жол бермейді, сондай-ақ рұқсатсыз жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатыспайды.
4. Аурухананың резиденті Қазақстан Республикасының медицина қызметкері атағының беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермейді.
5. Аурухана резиденті ішкі тәртіп қағидаларын сақтайды, Аурухананың абыройы мен беделін бағалайды, Аурухананың мүддесін қорғайды.
6. Аурухананың резиденті сыртқы түрінің кәсіптің және Аурухананың эстетикалық нормаларына сәйкестігін сақтайды.
7. Аурухананың резиденті өз ұстанымын ашық білдіреді және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғайды.
8. Аурухана резиденті Ауруханада, сондай-ақ Ауруханадан тыс жерлерде үлгерім, тәртіп, мінез-құлық нормаларын сақтау үшін жауапкершілікті мойындайды.
9. Аурухананың резиденті даулы жағдай туындаған кезде оларды шешу жолдарын өздерінің құрылымдық бөлімшелерінде табуға тиіс, қанағаттанғысыз нәтиже болған жағдайда мәселелерді қарау және Аурухананың тиісті әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына жанжалды шешу үшін жүгіне алады.
10. Аурухананың резиденті сөйлеу мәдениеті ережелерін сақтайды, басқа резиденттерге, профессор-оқытушылық құрамға, Аурухана қызметкерлеріне сыпайы түрде жүгінеді, қарым-қатынас кезінде әдепсіздікке жол бермейді, жаргондық әдепсіз сөздер мен сөйлемдерден аулақ болады.

11. Аурухананың резиденті білім беру бағдарламаларын меңгеруде, кәсіби және әмбебап құзыреттілікті қалыптастыруда үнемі жұмыс істейді, зерттеу қызметін белсенді жүргізеді.

12. Аурухананың резиденті саламатты өмір салтын ұстанады, мәдени, адамгершілік деңгейін арттыруға ұмтылады дене шынықтырады, Аурухананың қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсенді қатысады.

13. Аурухананың резиденті Аурухана мүлкіне ұқыпты қарайды және тиімді пайдаланады.

14. Аурухананың резиденті Кодекстің нормаларын бұзу фактілеріне жол бермейді және жолын кеседі.

15. Осы Кодекстің нормаларын, Жарғыда және нормативтік құқықтық құжаттарда көзделген ережелерді бұзғаны үшін: жеке іске енгізе отырып, тәртіптік және әкімшілік жазалау шаралары (алдын ала ескертпе жасау, ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс), резидентурадан шығару қолданылуы мүмкін.

Мен _____,

білім беру бағдарламасының _____ курс резиденті, Аурухананың резидентінің ар-намыс кодексімен таныстым және оның барлық ережелерін орындауға міндеттенемін.

20__ ж. «__» _____
(қолы)

Аурухананың резидентінің ар-намыс кодексі 2 данада жасалды, бір данасы резиденттің жеке ісінде сақталады, екінші данасы резиденттің қолына беріледі.